



**Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының конкурстық комиссиясы және
Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппараты конкурстық комиссиясы туралы
Ереже**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 22 тамыз N 396
. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.03.04. N 25 өкімімен. ~R990025

ЕСКЕРТУ. Өкімнің күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.03.04. N 25 өкімімен.

R990025_

Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының конкурстық комиссиясы
және Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппараты конкурстық комиссиясының
құрамы туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1996 жылғы 22 тамыздағы
N 396 өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының конкурстық
комиссиясы туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратында мемлекеттік
қызметтің бос орнына конкурса қатысушыларды бағалайтын конкурстық

комиссияның құрылуы мен қызметінің тәртібін белгілейді.

Конкурстық комиссия тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

II. Конкурстық комиссияның құрылуы және құрамы

Конкурстық комиссия Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімімен комиссияның төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшысы және мүшелері құрамында құрылады.

III. Конкурстық комиссия қызметінің тәртібі

1. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысушыларды білімі туралы, мемлекеттік қызметті және басқа еңбек қызметін өткергені туралы құжаттар негізінде, сондай-ақ конкурсқа қатысушылар мен мүдделі органдар тапсырған ұсынымдар, сынап көру нәтижелері және басқа материалдар негізінде бағалайды.

Конкурсқа қатысушыларды бағалаған кезде комиссия мемлекеттік қызмет бойынша талап етілетін тиісті біліктік талаптарын және қызмет нұсқаулығының талаптарын негізге алады.

2. Конкурстық комиссияның мәжілістерін қажет болуына қарай комиссия төрағасы, ол жоқ кезде - төрағаның орынбасары шақырады.

Егер де комиссия құрамынан кемінде үштен екісі қатысса, конкурстық комиссия мәжілісі заңды болады.

3. Конкурстық комиссияның қатысып отырған мүшелерінің көпшілігінің даусын алған кандидат конкурстан өтті деп саналады.

Егер де екі немесе одан көп кандидат қатысқан конкурсты өткізген кезде дауыстар тең бөлінсе, конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болады.

4. Конкурстық комиссияның дауыс беруінің нәтижелері шешіммен ресімделіп, оған комиссияның мәжіліске қатысқан төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшысы және мүшелері қол қояды.

5. Конкурс өткізудің нәтижелері бойынша конкурстық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің ұйғаруымен ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы қабылданады. Жасырын дауыс беру өткізілген жағдайда оны әзірлеу, хаттама жүргізу, басқа материалдарын жазу комиссияның хатшысына немесе мүшелерінің біреуіне тапсырылады.

Конкурстық комиссияның шешімінде үш ай мерзімге дейін сынақ

белгілеу қажеттігі көзделуі мүмкін.

6. Конкурсқа қатысқан адамдар конкурстық комиссияның мәжілісіне қатыса алады.

Конкурстық комиссияның шешімі оның мүшелерінің ұйғаруымен кандидат қатыспаса да қабылдануы мүмкін.

7. Конкурстық комиссияның шешімі азаматты тиісті мемлекеттік қызметке тағайындауға, онымен келісім-шарт жасауға не одан бас тартуға негіз болып табылады.

8. Комиссия конкурсқа қатысқан әрбір адамға конкурстың нәтижелері туралы комиссия шешімі қабылданған күннен бастап бір ай ішінде хабарлайды.

9. Конкурстық комиссияның шешіміне заңда белгіленген тәртіппен шағым жасауға болады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1996 жылғы 22 тамыздағы
N 396 өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппараты
конкурстық комиссиясының
ҚҰРАМЫ

Шуткин С.И. - Үкімет Аппаратының Басшысы, комиссия
төрағасы

Бегахметов Т.К. - Үкімет Аппараты Басшысының орынбасары,
комиссия төрағасының орынбасары

Печерских В.Е. - Кадр жұмысы бөлімінің консультанты,
комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:

Ермекбаев Қ. - Аппарат Басшысының орынбасары -
Үкімет Кеңесінің бастығы

Көшербаев Қ.Е. - Аппарат Басшысының орынбасары -

- Аумақтық Даму бөлімінің меңгерушісі
- Пепенин А.С. - Кадр жұмысы бөлімінің меңгерушісі
- Құсайынов Х.К. - Экономикалық саясат бөлімінің
меңгерушісі
- Котенко Н.Л. - Қаржы, еңбек және ақша айналысы
бөлімінің меңгерушісі
- Удовенко С.Л. - Өнеркәсіп саясат бөлімінің меңгерушісі
- Құнанбаев С.Қ. - Аграрлық сектордағы реформалар
бөлімінің меңгерушісі
- Қанапиянов С.М. - Сыртқы байланыстар бөлімінің меңгерушісі
- Смағұлов Н.Р. - Қорғаныс және құқық тәртібі
бөлімінің меңгерушісі
- Мұхамеджанов О.Б. - Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің
меңгерушісі
- Жиленков С.В. - Заң бөлімінің меңгерушісі
- Жұбатқанов Н.С. - Премьер-Министрдің орынбасары
кеңесшілер тобының жетекшісі